

I БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ №62 «НҮРСӘУЛЕ» БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Білім беру ұйымының толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің №62 «Нұрсәуле» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Білім беру ұйымының орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Үркер шағын ауданы, Сырым батыр көшесі, 105 үй.
Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон, электрондық почта, web-сайт	телефон – 8(7172) 49-17-32 E-mail: nursaule_62@mail.ru web-сайт: https://nursaule62.edu.kz/ Instagram: @62nursaulebalabakshasy Facebook: @n.rs.balabak.sasy
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:	№62 «Нұрсәуле» балабақшасының меңгерушісі Касенова Асем Зайтиновна - Жалпы еңбек өтілі-17 жыл, педагогикалық өтілі-17 жыл, осы мекемеде 3 жыл (610-ж/қ, 25.08.2021 жыл бұйрықпен тағайындалған)
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, 13.02.2023 жыл берілген
БСН:	1112400006279
Жарғысы:	Астана қаласы әкімдігінің №62 «Нұрсәуле» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы, № 4628-1901-НАО-МҚ, Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 03 ақпандағы №26710 бұйрығына 61-қосымшамен бекітілген.
Рұқсат беру құжаттары:	Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ46RVK00006255 берілген
Пайдалануға берілген жер актысы	Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылы 24 қазандағы жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 21:320:075:1118 берілген.
Медициналық лицензиясы	Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасы 2013 жылғы 3 қыркүйекте №13013722 берілген.

№62 "Нұрсәуле" балабақшасы мемлекеттік коммуналды қазыналы кәсіпорны туралы ақпарат

Негізгі ақпарат:

Құрылыс объектісінің түрі және жылы: 2 қабатты, 16 қараша 2011 жыл
Мекен-жайы : Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Үркер
ш/ауданы, Сырым батыр көшесі 105-үй, телефон – 8(7172) 49-54-06, 49-17-39,
факс – жоқ, электронды пошта – nursaule62@mail.ru
Меңгеруші – Касенова Асем Зайтиновна

1. Жобалық қуаттылығы –320 орын

Жалпы балалар саны: 320

№ 62 «Нұрсәуле» балабақшасында 15 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде
тәрбиеленіп, оқытылады - 13 топ; оның ішінде: ерте жас -1 топ; кіші топ - 2;
ортаңғы топ - 3; ересек топ - 3; мектепалды топ – 4.

Топтар	Жас кезеңдері
№1 «Сарғалдақ» ерте жас	1 жастағы балалар
№2 «Раушангүл» кіші топ	2 жастағы балалар
№3 «Аққу» кіші топ	2 жастағы балалар
№4 «Қызғалдақ» ортаңғы топ	3 жастағы балалар
№5 «Қарлығаш» ортаңғы топ	3 жастағы балалар
№6 «Балауса» ортаңғы топ	3 жастағы балалар
№7 «Түймедақ» ересек тобы	4 жастағы балалар
№8 «Жауқазын» ересек тобы	4 жастағы балалар
№9 «Бәйшешек» ересек тобы	4 жастағы балалар
№10«Балдәурен» мектепалды тобы	5 жастағы балалар
№11 «Балдырған» мектепалды тобы	5 жастағы балалар
№12«Інжугүл» мектепалды тобы	5 жастағы балалар
№13 «Бұлбұл» мектепалды тобы	5 жастағы балалар

Жұмыс аптасының ұзақтығы – 5 күн.

Балаларды оқыту және тәрбиелеу тілі – мемлекеттік тіл.

Басқарудың коллегиялық мүшелері балабақша кеңесі, педагогикалық кеңес
және ата-аналар комитеті болып табылады, педагогтар мен қызметкерлер
штаттық кестеге сай жұмыс істейді және барлығы лауазымдық міндеттерімен,
балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы және өрт қауіпсіздігі
нұсқаулықтарымен таныстырылды. Еңбек қатынасы ұжымдық келісім-шартқа
сәйкес жүзеге асады.

Балабақшаның негізгі бағыты:

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, денелерін шынықтыру, интеллектуалдық және адамгершілік қасиеттерін дамыту.

Оқу жұмыс жоспары 2024 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте қарастырылды және бекітілді.

Балабақшаның әдістемелік тақырыбы:

Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары

Мақсаты: Заман талабына сәйкес балалардың дені сау, танымдық қабілеттері, интеллектуальдық ойлау қабілеттері, тілдері дамыған тұлғаны қалыптастыру. Ата-аналармен балабақша арасында тығыз қарым-қатынас орнату.

Міндеттері:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Вариативтік оқыту бағдарламасы

«Ұлттық құндылықтар балабақшада» атты авторлық бағдарламасы, әзірлеуші Әдіскер Каирбекова Гаухар Тулегеновна, қалалық оқу-әдістемелік кеңестің №4 хаттама, 12.12.2024 жыл бекітіліп, қолданысқа енгізілді

Бағдарламаның мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен білім беруді ұлттық құндылықтарға негіздеу, баланың толық дамуы мен рухани әлеуетін ашуға жағдай жасау. Отансүйгіштікке, баланы ана-тілінде сөйлеуге дағдыландыру, әлеуметтік тұрғыдан өзгермелі өмірге бейімдеуде рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Мәдени дәстүрлерді сақтауда отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату және ұлттық құндылықтар негізінде саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

- балалардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастыру;

- қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру, елін, жерін сүйуге, елжандылыққа мемлекеттік рәміздерін құрметтей білуге үйрету;
- ұлттық құндылықтар негізінде –балаларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу;
- зияткерлік ойлауын, қарапайым зерттеу іс-әрекетіне дағдыландыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- еркін, дербес әрекет етуге, ұжымдық жұмыс істей білу дағдыландыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- балалар ұлттық құндылықтар туралы түсініктері кеңейеді, өз ойын дәлелдей білуге дағдыланады;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бағалайды;
- заттық дамытушы ортаны тану арқылы ақыл-ойы, танымдық қабілеттері дамиды;
- қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптасады, елін, жерін сүйуге, елжандылыққа мемлекеттік рәміздерін құрметтей білуге үйренеді;
- ұлттық құндылықтар негізінде –балаларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиеленеді;
- зияткерлік ойлауы, шығармашылық қабілеттерін дамиды, қарапайым зерттеу іс-әрекетіне орындауға дағдыланады;
- еркін ойлау қалыптасады, құрбыластарымен өзара қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады;
- дербес әрекет ете алады, ұжымдық жұмыс істей білу дағдыланады.

Мектепалды топтарға арналған жыл бойына 36 сағат жоспарланып, тәжірибеге пайдалануға арналған ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілері ұсынылды. «Ұлттық құндылықтар балабақшада» бағдарламасында балабақша оқу-тәрбие үрдісіне қолдану негізінде балаларға жан-жақты тәрбие беруді көздейді.

Бағдарлама мазмұнында мектепалды топтарға арналған Жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді, ұлттық сананы қалыптастыруда ұлттық салт-дәстүр, ауыз әдебиеті үлгілері, қол өнерді насихаттау көзделген. Сондай-ақ, жеті қазына жайлы, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер, ыдыс-аяқтар, зергерлік бұйымдар т.б. таныстырудың тиімді жолдары тәжірибелік бөлімде көрсетілген.

Бағдарлама 9 бөлімнен тұрады:

- «Отбасы-асыл қазынам!»
- «Ұлттық тағамдар»
- «Ұлттық ыдыс-аяқтар түрлері»
- «Ұлттық киімдер»
- «Ұлттық ою-өрнек, зергерлік бұйымдар»
- «Төрт түлік мал»
- «Менің елім-Қазақстаным!»
- «Ұлттық салт- дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар»
- «Жеті қазына»

Оқу тәрбие жұмысының жоба бағыттары:

1.Мектеп жасына дейінгі балалардың «Денсаулық сақтау» технологиясын қолдану арқылы денсаулықтарын нығайту мақсатында **«Салауатты өмір салты» бағытын алдық.**

Жобаның міндеті:

- Тәрбиелеу , оқытуда инновациялық формалары мен әдістерін қолдану, педагогтар мен ата-аналарға педагогикалық көмек көрсету;
- балалардың танымдық және тілдік қабілеттерін қалыптастыру;
- қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту;

2. **Инновациялық жоба «Құндылықтарға негізделген білім беру балабақшада»**

Жобаның мақсаты: Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдердерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Жобаның міндеті:

- Балалардың Отанға , туған жерге , өзінің мәдени ортасына сүйіспеншілігін қалыптастыру.
- жерін, тілін, тарихын, салт-дәстүрін , әдет-ғұрпын құрмет тұтуға тәрбиелеу;
- рухани құндылықтар сіңдіру.

3. **«BilimKids» жобасы.** «BilimKids»порталы тәрбиешілер мен мамандарға арналған электрондық көмекші құрал ретінде қолдану, жұмыс материалдарын жүктеу.

4. **Эксперименттік алаң «Балабақшадағы тәрбиелеу мен білім беру беру үрдісінде этнопедагогика элементтерін қолдану»**

Эксперименттік алаң мерзімі. 2024-2027 оқу жылдары.

Мақсаты:

1.Мектеп жасына дейінгі балалардың этномәдени білімдерін дамыту.

Міндеттері:

1. Мектепалды топ балаларға қолжетімді және қызықты ойындар, ертегілер, әндер және басқа да іс-әрекеттер арқылы балаларды өз халқының негізгі ұлттық салт -дәстүрлермен, әдет -ғұрыптарымен және мәдени ерекшеліктерімен таныстыру.

2. Отбасылық этномәдени дәстүрлерді нығайтуға және сабақтастыққа бағытталған бірлескен іс- шаралар мен әңгімелер өткізу арқылы ата-аналарды тәрбие -білім үрдісіне тарту.

3. Мектепалды топ балалардың жас ерекшеліктеріне бағытталған этнопедагогика элементтерін қамтитын бағдарламаны әзірлеу және енгізу.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

2024-2025 оқу жылындағы қалалық әдістемелік тақырыбы:

Дамытушы заттық кеңістік ортасын құру; әр баланың мүмкіндіктерін, белсенділік деңгейі мен қызығушылықтарын ескере отырып, ойын әрекетін ұйыымдастыру үшін қауіпсіз орта.

2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІҚР «Білім туралы» заңы, ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Мектепке дейінгі ұйымдардың типтік ережесі» қаулысы, Астана қаласының Әкімдігінің қаулысымен, мектепке дейінгі мекеменің Жарғысы» негізінде **қосымша ақылы қызметтер көрсету бойынша** балабақшада төмендегі мамандар қызмет көрсетеді:

- хореография;
- вокал;
- дыбыстарды жеке қою бойынша жұмыс;
- изо студия;
- мультстудия;
- роботехника;
- құм терапиясы;
- тұзды шахта;

Балабақша мекемесінде: меңгеруші, әдіскер, инновация әдіскері, психолог, 20 тәрбиешілер, 2 музыка жетекшілері, 3 дене шынықтыру нұсқаушылары, 2 қазақ тілі педагогы, бала дәрігері, медбике, диетмедбике және т.б. қызметкерлер жұмыс жасап, өздеріне тиесілі қызмет түрлерін көрсетеді. Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне сай жеке арнайы жабдықталған ойын бөлмесі, ұйықтайтын бөлмесі, қабылдау бөлмесі,

сонымен қатар жеке арнайы мамандар кабинеті: психолог, спорттық зал, музыкалық зал, хореография залы, ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинеті, қазақ тілі кабинеті, изостудия, робототехника, құм терапиясы, тұзды шахта кабинеті, дәрігерлік қарау, оқшаулану бөлмесі, асхана, кір жуу бөлмесі, қойма бөлмелері бар және олар керекті құрал- жабдықтармен жабдықталған.

Балалар жыл мезгілдеріне сәйкес үш жақты Астана қаласы бойынша тұтынушылардың құқығын қорғау Департаментімен, (РГУ "Департамент по защите прав потребителей" города Астаны Агентство РК по защите прав потребителей) және Қазақ тамақтану академиясы мәселесі институтымен, (Института проблем питания Казахское академии питания) келісілген, Астана қаласы Білім басқармасының басшысымен бекітілген 3 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі және бір мезгіл жемістер мен шырындар беріледі.